



**МӘДЕНИ МҰРА**  
**ғылыми журнал**

**КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ**  
**научный журнал**

**CULTURAL HERITAGE**  
**science journal**

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№2 (109)

Астана  
2025

## **РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**ӘБДІҒАЛИҰЛЫ**  
**Берік**

– Саяси ғылымдарының кандидаты (алқа төрағасы) (Қазақстан)

**ИБРАЕВА**  
**Ақмарал Ғосманқызы**

– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**ТАЙМАҒАМБЕТОВ**  
**Жәкен Қожахметұлы**

– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**САМАШЕВ**  
**Зайнолла Самашұлы**

– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**АЙМҰХАМБЕТ**  
**Жанат Әскербекқызы**

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)

**ҮМІТҚАЛИЕВ**  
**Ұлан Үмітқалиұлы**

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

**МЕРЦ**  
**Виктор Карлович**

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

**ЖАБАҒИН**  
**Мақсат**

– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)

**СЫДЫҚОВ**  
**Айбек Жексеналыұлы**

– PhD докторы (Қазақстан)

**БИҒОЖИН**  
**Ұлан Зейноллаұлы**

– PhD докторы (Қазақстан)

**САБИТОВ**  
**Жаксылык**

– PhD докторы (Қазақстан)

**ДЮПЮЙ**  
**Пауло**

– PhD докторы (Қазақстан)

**ҚАРА**  
**Әбдуақап**

– доктор, профессор (Түркия)

**ШАМИЛЬОГЛУ**  
**Юлай**

– PhD, профессор (АҚШ)

**АЙТПАЕВА**  
**Гулнара Амановна**

– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)

**РАДИВОЖЕВИЧ**  
**Мильяна**

– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

## **EDITORIAL BOARD:**

|                                 |                                                                                                                                                                              |
|---------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Berik<br/>Abdygaliuly</b>    | – Candidate of Political Science (Chairman of the editorial board)<br>(Kazakhstan)                                                                                           |
| <b>Akmaral<br/>Ibrayeva</b>     | – Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National<br>Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences,<br>Professor (Kazakhstan) |
| <b>Zhaken<br/>Taimagambetov</b> | – Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor<br>(Kazakhstan)                                                                                            |
| <b>Zainolla<br/>Samashev</b>    | – Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)                                                                                                                                |
| <b>Zhanat<br/>Aimukhambet</b>   | – Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)                                                                                                                                |
| <b>Ulan Umitkaliev</b>          | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)                                                                                                                              |
| <b>Victor Merts</b>             | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)                                                                                                                              |
| <b>Maxat Zhabagin</b>           | – Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)                                                                                                                              |
| <b>Aibek Sydykov</b>            | – Doctor PhD (Kazakhstan)                                                                                                                                                    |
| <b>Ulan Bigozhin</b>            | – PhD (Kazakhstan)                                                                                                                                                           |
| <b>Zhaxylyk Sabitov</b>         | – PhD (Kazakhstan)                                                                                                                                                           |
| <b>Paula Dupuy</b>              | – PhD (Kazakhstan)                                                                                                                                                           |
| <b>Kara Abdulvahap</b>          | – Doctor, professor (Turkey)                                                                                                                                                 |
| <b>Uli Shamiloglu</b>           | – PhD, professor (USA)                                                                                                                                                       |
| <b>Gulnara Aitpaeva</b>         | – Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)                                                                                                                                |
| <b>Radivojevic Miljana</b>      | – PhD, Associate professor (UK)                                                                                                                                              |

## **РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:**

**ӘБДІҒАЛИҰЛЫ**  
**Берік**

– Кандидат политических наук (председатель коллегии) (Казахстан)

**ИБРАЕВА**  
**Акмарал Госмановна**

– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**ТАЙМАГАМБЕТОВ**  
**Жакен Кожаметович**

– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**САМАШЕВ**  
**Зайнолла Самашевич**

– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)

**АЙМУХАМБЕТ**  
**Жанат Аскербековна**

– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)

**УМИТКАЛИЕВ**  
**Улан Умиткалиевич**

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

**МЕРЦ**  
**Виктор Карлович**

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

**ЖАБАГИН**  
**Максат**

– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)

**СЫДЫКОВ**  
**Айбек Жексеналыевич**

– PhD доктор (Казахстан)

**БИГОЖИН**  
**Улан Зейноллаулы**

– PhD доктор (Казахстан)

**САБИТОВ**  
**Жаксылык**

– PhD доктор (Казахстан)

**ДЮПЮЙ**  
**Пауло**

– PhD доктор (Казахстан)

**КАРА**  
**Абдукап**

– Доктор, профессор (Турция)

**ШАМИЛЬОГЛУ**  
**Юлай**

– PhD, профессор (США)

**АЙТПАЕВА**  
**Гулнара Амановна**

– доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)

**Радивожевич Мильяна**

– PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

## МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

### Археология / Archaeology / Археология

|                                                                                                                                                                               |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Молдахмет А.</i> 2001–2008 жылдары Қаратауда жүргізген археологиялық зерттеулер (Тұран археологиялық экспедициясы материалдары негізінде)                                  |     |
| <i>Молдахмет А.</i> Археологические исследования в Каратау в 2001–2008 годах (по материалам Туранской археологической экспедиции)                                             |     |
| <i>Moldakhmet A.</i> Archaeological research the Karatau mountains in 2001–2008 (based materials of the Turan archaeological expedition).....                                 | 6   |
| <i>Shametov S., Eraliyeva S., Nurakhmetova K., Orazov T.</i> Archeological monuments of Turkestan region in the Turkestan archaeological expedition research                  |     |
| <i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова Қ.А., Оразов Т.Б.</i> Түркістан археологиялық экспедициясы зерттеулеріндегі Түркістан өңірінің археологиялық ескерткіштері        |     |
| <i>Шаметов С.Т., Ералиева С.А., Нурахметова К.А., Оразов Т.Б.</i> Археологические памятники Туркестанского края в исследованиях Туркестанской археологической экспедиции..... | 26  |
| <i>Кузнецова Т.</i> О роли зеркал в погребальном обряде скифо-сарматской эпохи                                                                                                |     |
| <i>Кузнецова Т.</i> Скиф-сармат дәуіріндегі жерлеу рәсіміндегі айнаның рөлі                                                                                                   |     |
| <i>Kuznetsova T.</i> On the role of mirrors in the funeral rites of the Scythian-Sarmatian era.....                                                                           | 37  |
| <i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы                                                                                   |     |
| <i>Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.</i> Этнография гончарства стран Средней Азии                                                                                                |     |
| <i>Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.</i> Ethnography of pottery of Central Asian countries.....                                                                                | 68  |
| <i>Мұстажап А.Ш.</i> Ортағасырлық Сарайшықтың қыш өндірісі: археологиялық және мәдениеттанулық талдау                                                                         |     |
| <i>Мұстажап А.Ш.</i> Гончарное производство средневекового Сарайшыка: археологический и культурологический анализ                                                             |     |
| <i>Mustazhap A.Sh.</i> Pottery Production in Medieval Saraishyk: an archaeological and cultural analysis.....                                                                 | 84  |
| <i>Каримова К.Г.</i> З. Самашевтің ортағасырлық қала мәдениетіне қатысты зерттеулері (Сарайшық қаласы негізінде)                                                              |     |
| <i>Каримова К.Г.</i> Исследования З. Самашева, Посвящённые культуре средневековых городов (на примере города Сарайшык)                                                        |     |
| <i>Karimova K.G. Z.</i> Samashev's research on medieval urban culture (based on the example of the city of Saraishyq).....                                                    | 97  |
| <i>Рысбергенов М.</i> Функционально-семантические интерпретации курганов с каменными грядами: историографический обзор                                                        |     |
| <i>Рысбергенов М.</i> Тас қатарлары бар қорғандардың функционалды-семантикалық түсініктемелері: тарихнамалық шолу                                                             |     |
| <i>Rysbergenov M.</i> Functional and semantic interpretations of kurgans with stone alignments: a historiographical review.....                                               | 109 |

### Этнология / Ethnology /Этнология

|                                                                                                 |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Мәулет. А.</i> Шыңжаң қазақтары аспаптық музыкалық мұрасының зерттелуі                       |     |
| <i>Маулет А.</i> Изучение инструментального музыкального наследия казахов Синьцзяна             |     |
| <i>Maulet A.</i> The Study of the Instrumental Musical Heritage of the Kazakhs of Xinjiang..... | 126 |
| <i>Атдаев С.</i> Кара-Шайтан – связующее звено между Мервом и Бухарой                           |     |
| <i>Атдаев С.Дж.</i> Мерв пен Бұхара арасындағы бітімгер - Қара-Шайтан                           |     |
| <i>Atdaev S.</i> Kara-Shaytan – a connecting link between Merv and Bukhara.....                 | 150 |

FTAMP 03.61.91

**\*Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.**

Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты

Алматы, Қазақстан

\* e-mail: nmalibayeva@gmail.com

## **ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ҚЫШ ӨНДІРІСІНІҢ ЭТНОГРАФИЯСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Орталық Азия елдерінің қыш өндірісіне қатысты ғылыми еңбектер талданған. Зерттеудің мақсаты: Оңтүстік Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан территорияларындағы қыш өндірісінің тарихнамасын зерттеу. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында мәселелік-хронологиялық, тарихи-жүйелілік және пәнаралық әдістер қолданылды. Аталған жұмыста әскери топографтардың, Бас штаб офицерлерінің жол жазбалары және В.В. Екимова, К.И. Антипина, Ө. Жәнібеков және т.б. этнографтардың ғылыми еңбектері дереккөз қоры ретінде ұсынылған.

В. Розвадовский жеті елді-мекеннің (Бұқара, Қаршы, Самарқанд, Ходжент, Ұра-Төбе, Риштан, Ташкент) қыш өндірісін зерттеген. Орта Азия халықтарының, соның ішінде өзбек халқының мәдениеті бойынша маман, этнограф В.В. Екимованың жұмыстарын ерекше атап өткен жөн, ғалымның зерттеу жолы мен экспедициялық қызметі өзбек халқының материалдық мәдениетін зерттеуге бағытталған. Хорезм экспедициясының құрамында өзбектердің қыш өндірісі бойынша мәліметтер жинақтап, үлкен ыдыстарды жасаудың техникасын сипаттап, «рисоля» бойынша қысқаша ақпарат берген.

Қырғыз халқының құрылыс саласында сазды қолдануы жайында К.И. Антипина іргелі жұмыстар жүргізіп, қырғыз мәдениетін жан-жақты зерттеген, қырғыздардың кілем жасау, өрнек тоқу және т.б. көптеген сәндік-қолданбалы өнер түрлерінің тарихы мен дәстүрлері туралы ғылыми еңбектер қалдырған. Тарихшы, этнограф Ө. Жәнібеков еңбегінде де қазақ халқының құрылыста сазды пайдалану жайында қысқаша мәлімет берілген. Әдебиеттерді талдау нәтижесінде Орталық Азиядағы қыш өндірісін зерттеу жұмыстары XIX ғасырда басталғаны, ал кейін бұл бағыттағы ізденістер жүйелі түрде этнографиялық және археологиялық зерттеулермен жалғасын тапқаны ғылыми тұрғыда дәлелденді.

**Кілт сөздер:** саз-балшық, қыш ісі, Орталық Азия, тарих, этнография, материалдық мәдениет.

*Дәйексөз үшін: Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т. Орталық Азия елдеріндегі қыш өндірісінің этнографиясы // Мәдени мұра. 2025. №2 (109). 68-83 бб. (қаз.)*

*DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.04>*

## Кіріспе

Қыш өндірісі – Орталық Азия халықтарының мәдени-экономикалық өмірінде көптеген ғасырлар бойы маңызды рөл атқарған ең ежелгі кәсіптердің бірі. Сазды тұрмыста қолдану кең таралып, мәдени, салттық және экономикалық мәндермен байланысты болды. Бұл дәстүрлі тұрмыс салтын, қоғамның құндылықтар жүйесін және жергілікті тұрғындардың эстетикалық ерекшеліктерін сипаттайды. Қыш өндірісі Орталық Азияда күнделікті өмірде ғана маңызды рөл атқарып қоймай, сонымен қатар мәдени және шығармашылық дәстүрдің маңызды құрамы болып табылады.

Қыштан жасалған бұйымдар дәстүр сақтаушысы, этностың және аймақтың маркері ретінде әлеуметтік-мәдени мағынаға ие болды. Олардың тарихи дереккөз ретінде маңызы зор, себебі қазба барысынан табылған қыш бұйымдар негізінде мәдени қабаттарды, ескерткіштерді мерзімдеуге болады. Сонымен қатар Орталық Азия қыш өндірісінде архаикалық элементтер сақталып, ұрпақтан ұрпаққа мирас ретінде беріліп отыр. Бүгінгі таңда ұсталар қыш өндірісінде жергілікті халықтың материалдық емес мәдени мұрасын сақтай отыра, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, сәндік-қолданбалы өнерді дәріптеп, насихаттауды бір жүйеге келтірген. Деректерге сүйене отырып қыш өндірісінде шәкірт тәрбиелеу жүйесін зерттеу арқылы осы өндірісті ұйымдастыру жолдарын, ұсталардың қоғамда алатын орынын сараптауға мүмкіндік береді.

Орталық Азияда қыш ыдыстарын салттық, әдет-ғұрыптық рәсімдерде қолданды. Аймақтың бірқатар дәстүрлі мәдениеттерінде рамазан айында

тек қыш ыдысын пайдалану дәстүрі сақталған (Пещерева, 1959: 6). 2024 жылы Жамбыл облысында (Қостаған ауылы) жүргізілген этнографиялық экспедиция барысында жергілікті тұрғын Гүлбас Мұсаевна Құлманбетованың берген ақпаратына сай, саздан жасалған тандыр пештері киелі болып саналған, ескірген жағдайда, оны бұзбаған. Негізінен, шеберлер сазбен жұмысты бастамас бұрын, жуынып, жаратушыға сыйынып, ниет қойып, жұмысқа кіріскен. Орта Азиялықтар үшін саз киелі, таза субстанция болып саналған.

Осы орайда, Орталық Азия қыш өндірісінің тарихнамасын зерттеу мәселесі бүгінгі күнге дейін зерттелген материалдар негізінде қазіргі дәстүрлермен салыстыру мақсатында егжей-тегжей зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі. Орталық Азия қыш өндірісінің этнографиясын зерттеу мәселесі кешенді зерттеуді қажет ететіні сөзсіз, себебі аталған сұрақты зерттеу барысында бірнеше пәндер тоғысып, аймақтың мәдени-экономикалық жағдайын сипаттауға көмектеседі.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің әдістемелік негізі мәселелік-хронологиялық тәсіл болып табылады, себебі зерттеліп жатқан тақырып бірнеше бағыт бойынша қарастырылды. Әр мәселе халықтар бойынша хронологиялық тәртіпте ұсынылған. Бұл әдіс ғылыми әдебиетті мерзімдерге бөлуге септігін тигізгендігін айта кеткен жөн. Мәселелік-хронологиялық тәсілді қолдану тарихи-жүйелік тәсілмен өзара арақатынаста қатар жүрді. Осыған байланысты қыш өндірісі кәсібінің саудамен өзара арақатынасы, қоғамға әлеуметтік-экономикалық ықпалы, ұсталардың қоғамдағы рөлі зерттелді.

Пәнаралық тәсілдің негізінде бір саланың білімі мен дағдылары басқа саламен байланысқа түсіп, тереңірек зерттеуге, кешенді пайымадаулар жасауға мүмкіндік берді. Қыш өндірісін зерттеуде әртүрлі аспектілердің өзара қарым-қатынасы әртүрлі пәндердің білімдері мен дағдыларын қолдана отырып, кешенді және жүйелі жұмыс атқарылды. Эмпирикалық материал ретінде саяхатшылардың, Бас штаб офицерлерінің, әскери топографтардың, этнографтардың жол жазбалары мен еңбектері қолданылды. Соның ішінде В.В. Екимова, К.И. Антипина, Ө. Жәнібеков және т.б. этнографтардың еңбектерін ерекше атап өту қажет. Аталған еңбектер Орталық Азияның материалдық мәдениетін зерттеуде баға жетпес, іргелі ғылыми жұмыстар болып табылады.

### Талдау

Орта Азияның қыш өндірісін зерттеу жұмыстары ХІХ ғасырдың басынан басталып, кезең-кезеңімен – бірінші этнографиялық сипаттамалар, кейін археологиялық зерттеулер және одан кейін өнертану және мәдениеттанулық бағыттар аясында дамыды. Алғашқы ақпаратты әскери топографтар, Бас штаб офицерлері жинап, жергілікті тұрғындардың дәстүрлі тұрмыс салты бойынша мәліметтер қордаланған. Бұл ақпараттар жалпылама сипатында болды, себебі олар қыш өндірісіне арнайы тоқталған жоқ, дегенмен де тұрғындардың тұрмысын сипаттау барысында бұл кәсіптің бар болғандығын тіркеп, олардың түрлерін, техникасы мен технологиясын, ою-өрнектерін сипаттады. Орыс шығыстанушы-ғалым, саяхатшы, дипломат, этнограф П.И. Пашино өзінің жол жазбаларында «бұл елде өзінің не фарфор, не фаянс,

не шыны ыдысы жоқ, болса да алыс елдерден әкелінеді, тасымалдау барысында сынғандықтан бағасы қатты көтеріледі, ағаш ыдыс жасау үшін орман болмағандықтан және ағаш жону шеберлігін білмегендіктен үй тірлігінде әр жерде қыш ыдыстармен ұшырасуға тура келді» деп жазады (Пашино, 1868:148). Белгілі ботаник және этнограф В.А. Липский өзінің экспедициялық жазбаларында Орта Азия қыш өндірісінде әйелдердің үлесін атап өтеді. Оның пайымдауы бойынша шалғайдағы ауылдардың әйелдері қыш ыдыстарын, атап айтқанда көзе, табақ, пісіруге арналған қалыптарды қолдан жасаған. Бұл бұйымдар ашық отта немесе қарапайым пештерде күйдіріліп, тұрмыста және береке-молшылық пен үй ошағымен байланысты әдет-ғұрыптарда қолданылды. В.А. Липский бұндай әдет-ғұрыптардың көнелігін, архаикалық сипатын атап көрсетеді (Липский, 1902).

ХХ ғасырдың басында этнография мен ұлттардың бірегейлігіне қызығушылық артуына байланысты халықтың қолданбалы өнерін, соның ішінде қыш өндірісін мақсатты және жүйелі зерттеу жұмыстары басталды.

Суретші В. Розвадовский өзінің саяхаты барысында Бұхара, Қаршы, Самарқанд, Ходжент, Ұра-Төбе, Риштан және Ташкент сияқты жеті елді-мекенде қыш өндірісін зерттеген. Қыш бұйымдары үшін жергілікті сары саз-топырақ қолданылды, ол күйдерген кезде ақшылттау түске ие болады, кейбір материалдарды Қаршы бектігі – Карнабтан алады (Розвадовский, 1915: 28).

Автордың мәліметі бойынша «Бұхара қаласында тек Рахмат-Улла ақсақал дайындағаныдысты бояулармен бояйды және өте қарапайым

суреттермен өрнектейді. Бояу үшін ол күрең қызыл саз, глазурьмен (ол үшін сілтімен араластырылған қалайы тотығы және жабысқақтығы үшін ұн қосады) қосқан кезде өзінің күрең қызыл түсін сақтайды, сары түс үшін темір кенін (чуянбук) кварц құмымен және жасыл түс (кукмис) үшін мыстың күкірт қышқылды түзуі, құм мен қорғасын тотығы (гиль) қолданылады. Қоңыр бояу үшін ол «маг» тасын қолданады, ол үшін тасты үгітіп қол диірменмен Карнабтан (Каршин бектігі) әкелінген қызыл сазбен бірге езеді» (Розвадовский, 1915:31-32). Бұхарадағы саздан жасалған пештерге (тандыр) қатысты Розвадовский келесідей ақпарат береді: «сумен араластырылған сазға кез-келген жүн қосылады: 30 пұт сазға 1 пұт жүн. Сазды жүнмен араластырып қолмен кесілген конус тәрізді пішінге келтіре отырып жабыстырып, пешті «хум» сияқты жасайды (биіктігі 12-14 вершок, табаны 11-13 вершок және үстіндегі ауызы 6 вершок). Пештің қабырғасының көтерілуімен көзеші ішінен қабырғаны «гундакпен» ұстап тұрып сыртынан «тавончамен» (ағашатан жасалған тісті тоқпақ) қабырғаның қалыңдығы 1 верш. болғанша дейін соғады. Кейін пешті кептіру үшін ашық ауада қалдырады. Орташа пішіндегі пешті жұмысшы күніне 4-5 дана жасай алады. Пеш өндірісі жаз бойы жүргізіледі бір жұмысшының көмегімен көзеші әртүрлі пішіндегі пештердің 250-300 данасын дайындайды. Қыста көзешілер оларды сатады» (Розвадовский, 1915:32).

Ташкентте пештерді жасау үшін шамамен 20-30 пұт сазды сумен араластырып, оған 1 пұт жүн қосады. Бір жұмысшы жарты күн сазды аяғымен басады, кейін қалыңдығы 11/2 аршынға дейін жететін жалпақ таспалар жасап, пештің қабырғасын тұрғызады. Бірінші

қатарды қойғаннан кейін (үлкен пеш үшін диаметрі шамамен екі аршын) келесі қабаты тарылтады, үшіншісі одан да кішірек, соңғы қатары арқаға ұқсас келеді (үлкен пештер үшін ауызы бір аршынға дейін). Жоғарғы жағындағы ауызының шеттері сәл сыртқа шығарылып бүріледі және жал тәрізді болады. Саз таспалар өзара мықтап бекітіп біртұтас массаға келтіру үшін ұста сыртынан «тавончамен» (ағашатан жасалған тісті тоқпақ) ұрып, ішінен соққы орнын саздан жасалып күйдірілген «гундакпен» ұстап тұрады. Тегіс беті бар пішіні саңырауқұлаққа ұқсас «гундакпен» пештің ішкі қабырғасы тегістеледі. Пешті жасап болғасын оны ашық ауада кептіру үшін қалдырады (Розвадовский, 1915: 52).

Розвадовскийдің мәліметтері бойынша, ыдысты дайындау үшін Ташкенттік көзешілер саздың бірнеше түрін қолданады. Саздың бір түрі қалада Салара өзені бойындағы Генерал-Губернатор саяжайының маңынан алынады, ол «кулял-турпак» (өзбекше: кулол-тупроқ) деп аталады. Басқа түрі – жасылдау, күйдірген кезде ақшыл болып шығатын «ок турпак» (оқ тупроқ) Каракамыш (Қорақамиш) аймағындағы Кукча (Күкча) жағынан алынады. Ыдысқа сазды дайындау үшін оны сумен араластырып, аяқпен басады және қамыс үлпегін «лұх» қосады, оны ыдыс кептірілу барысында сызат түспесін деп арнайы қосады. Кептірілгеннен кейін сырмен көмкерілетін ыдыс сырға малынып басқа ыдыстармен бірге 160-200 дана шамасында пешке күйдіру үшін қойылады. Күйдіру үшін Ташкенттік көзешілер қамыс, шыбық, бір пұды 30 тиыннан қымбат болмаса мақта тұқымын қолданады (Розвадовский, 1915:55).

Розвадовскийдің деректері бойын-

ша Қаршыда ыдысты қамыспен және жантақпен (далалық аймақта өсетін құрай) күйдіреді. Қаршыда саздың жақсы түрлері бар, алайда, жергілікті бектер ұсақ майдагерлікті қолдамайды, сондықтан да мұнда жақсы ұсталар жоқ.

Самарқандта көзешілер «гиль-мая» деп аталатын жергілікті сазды пайдаланады, оны Байкабак қақпасының артындағы жаңа жылқы базарының қасында және Чопан-Атадан (Чўпонота) (Самарқандтан 4-5 шақырым (верст) қашықта) қазып алады. Бұйымдарға арналған сазға қоға үлпегін қосады (Розвадовский, 35).

Этнограф В.В. Екимова 1930 ж. Хорезм облысына жасақталған кешенді экспедицияның этнографиялық бағыты құрамында болып, көзешілік кәсібі бойынша этнографиялық мәліметтер жинады. Вера Васильеваның жазбасы жазуы бойынша, Хорезм көзешілері 1930 ж. ыдыстың екі түрін – Өзбекстанның басқа да аймақтарында кездесетін сырлы және сырсыз қыш ыдыстарды жасады. Сырлы (глазурь) поташтан (ишкор) жасады. Бояу мен өрнектеу техникасы өте қарапайым деңгейде.

Хорезм аймағына шығыр көзелерін жасау тән. Жергілікті тұрғындар суаруды су көтеретін дөңгелек – шығырлар арқылы жүзеге асырды. Аймақта шығырлы суару басым болып, 1930 ж. Хорезмде 27 020 шығыр болды. Бұл көзелерге сұраныс туғызды, себебі әр шығыр дөңгелегінде 15-35 көзе-ожаулары болды.

Сонымен қатар В. Екимова нан пісіруге арналған саздан жасалған пештерді жасау техникасын зерттеген. «...Шелпекке арналған пештің (тандыр) жасалуын біз Хива қ., Жаңа Үргенч қ. және Хивадан Жаңа Үргенчке баратын жолда соңғысына таман орналасқан Аяк-Гайбу қышлағында көрдік. Олар

шеңбер бойынша таспалап жабыстыру техникасында жасалды. Осындай техниканы қолдана отырып, суға арналған 4-5 шелек және одан да көп сиятын үлкен ыдыстар (хум) жасалады. Тандыр үш таспадан жасалды, ал хум – 3-4 таспадан және аяқпен айналдырылатын көзеші шарығында жасалған түптен тұрады. Ыдыс жасайтын көзешілер өздерінің тұрғын үйелерінен тыс арнайы шеберханаларда жұмыс істеді, ал тандыр жасайтын көзешілер, әдетте, өз үйінің ауласында шатыр астында жұмыс істеді, ол жерде сазды илеп, басып, олардан таспа жасап пеш жасады. Аулада күйдіруді қажет етпейтін бұйымдар кептірілді» - деп көрсетеді (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959: 347).

Зарафшан аңғарынан солтүстікке қарай Ферғана аңғарында йер-учак (жер-ошақ) қолданылды. Оның құрылысы оңтүстіктік, кулябтық, каратагтыққа тән. Ошақ шұңқырына тандыр – шелпек пісіруге арналған пеш қойылған, оларды арнайы көзеші мамандар түбі жоқ құмыра түрінде жасайды. Йер-тандыр деп аталатын бұндай ошақта нан пісіруге болады. Түтін бөлменің кіре берістен әрі қарай орналасқан «жоғарғы» бөлігіндегі еденнің сәл көтеріңкі жағында астынан өткізілген мұржа арқылы, кейін бір қабырға арқылы шығарылған. Осылайша, бөлменің еденінің белгілі бір бөлігі жылытылып, нәтижесінде жылу сақталған бөлігі отбасылық демалу орны ретінде пайдаланылған. Ферғаналық ұсталардың сөзі бойынша, «йер-учак» және «йер-тандыр» Ферғанада кең таралған жоқ. Бұл ошақтар, көп жағдайда, Қашғардан қоныс аударған ұйғырлар тұратын аңғардың шығыс бөлігінде (Жалалабат, Ош) таралды. Ферғана аңғарының батыс

бөлігінде XX ғасырдың 40-шы жылдары ол аз қолданылды. 30-шы жылдары Ташкентте жер-ошақ кездескен жоқ» (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982: 80).

XX ғ. басында өзбектердің тұрғын үйлерінде жаңашылық ретінде тандырлар (шелпек пісіруге арналған пеш) үшін арнайы бөлме, үй-жай пайда болады. Тұрғын-жайлардың дамуымен ошақтардың қолдана бөлінуге алып келеді: бірінде ас дайындаса, екіншісімен үй жылытты, үшіншісінде нан пісірді. Нан пісіретін тандырлар «көтерметандыр», яғни жоғары көтеріліп жасалған. Оларды тұғырдың үстіне бүйірімен орналастырып, сыртынан кірпішпен сәл бекітіп, сұйық балшықпен сылады. Ондай тандырлар аулада немесе арнайы жайда тұрғызылды. Тандырларды, ақпарат берушілердің дерегі бойынша, тек әйел адамдар жасады. Ол үшін аулада тереңдігі 1 м болатын шұңқыр қазылды. Кейін сазды сумен және жүнмен жақсылап араластырып, шұңқыр пішіні бойынша тандырды соғып, қабырғасын жақсылап тегістеді. Бірнеше күннен кейін, тандыр кепкесін, оны мұқият шұңқырдан алып шығып, күннің көзінде кептірді. Кейін бөлмеде немесе аулада бүйірімен тұғырдың үстіне орналастырды. Тандыр қолданыс барысында күйдіріледі. Жаңа тандырда пісірілген бірінші 3-4 шелпек кедейлерге немесе мешітке берілді (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982: 152).

В.В. Екимованың мәліметтері бойынша, ірі қыш ыдысының жасалуын Хиуа ауданындағы Каттабог қышлағынан шыққан бір көзеші – Майшариб Джума Нияздан көрсеткен. «..Негізгі шикізат – саз бен құмды көзеші тегін алды. Сазды өздерінің аулаларынан алып, құмды Қара-Құмнан әкелді,

құм сатып алу сирек кездеседі, құмды әкелу үшін, әдетте, көршілерден атты жалға алатын. Революцияға дейін пешті орнату арзан болды, ал пештің өзі ондаған жылдар қызмет атқарды және мұрагерлікке өтетін, тек жөндеп, түзетіп отырған» (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959: 348).

Сазды дайындау барысында оған құмнан («дашқум») басқа бірігу үшін «тозуак» қосады, бұл батпақты өсімдік тұқымының ұлпілдегі. Қышлақтың барлық көзешілері қарашада «тозуак» жинауға шығады, оны бір жылға жететіндей етіп жинайды. Ташкент ауданының Ниязбек болысында бұл өсімдікті «лұх» деп атайды.

Негізінен, сазды ұста таңдайды, ал көмекшісі, шәкірті қазып алып келеді. Джума Нияз ұста шұңқырға келіп күрекпен суын сарқып алып сазды тексереді, егер ол жарамаса, қажетті сападағы саз табылғанша дейін келесі шұңқырларды тексереді. Жақсы саз шашылмау керек, оның құрамында құм мен әк болмау керек. Қазылған сазды шәкірт арбаға артады. Әкелінген шикі сазды ол бірден шеберханаға түсіріп, үстіне бір шелек су құйып, басады.

Ірі ыдысты жасау үшін Джума Ниязға, оның сөзі бойынша, екі арба саз, екі шелек су, екі үлкен тостаған («тағара») құм және екі шығыр құмырасы тозуак қажет болды. Құмды Қара-Құмнан әкелді, тозуакты да өзі жинады. Сазды көмекшісі дайындады. Сазды өңдер алдында екінші шелек су құйылады. Шеберхананың еденіне құм себіледі. Шәкірт бұрышта жатқан саздың бір бөлігін бөліп алып, құм себілген таза жерге лақтырады. Кейін аяқ киімін шешіп, аяғын жуып, баса бастайды. Біраз уақыттан кейін ол саздың ортасында шұңқыр жасап бір

уыс тозуак пен құм салып қайтадан басып, араластырады. Саз жайылып жалпақ болған соң ол үстінен жаңа саз қосып, оны құм және тозуакпен сеуіп, әрі қарай басып, араластырады. Осылайша, барлық сазды бұрыштан екінші орынға көшіргенге дейін осылай істейді. Содан кейін ол жаңа жерге құм сеуіп бірнеше күректен ақырындап, әрдайым араластырып, тозуак пен құм сеуіп, сазды алдыңғы орнынан жаңа орынға көшіреді. Сазды бір жерден екінші жерге әрдайым тозуак пен құм қоса отырып төрт рет ауыстырады. Сол аяғына тіреніп оң аяғымен басады. Үшінші үйіндіні баса бастағанда ол аяғын ауыстырып қатты ырғақпен, күш салып оң қолымен тізесіне тіреніп және оны қатты иіп араластыра бастайды. Жалпы алғанда, шәкірт сазды шамамен 1 сағат 25 минут басып араластырады (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959:355).

Экспедиция барысында В.В. Екимова үй керек-жарақтарын дайындау кезінде саздың қолданылу аясын зерттеп, мұраның материалдық емес аспектісіне баса назар аударған. Автор май шайқауға арналған ыдыс гупи дайындауды сипаттайды. «Ұста шәкірт алып берген дайын саздан бір бөлігін алып, көзеші шарығында айналдыра отырып мойнының астыңғы жағын жасайды – 20-25 см, диаметрі 13 см болатын сақина; оны шарықтан кесіп алып бөлек қояды; содан кейін тағы саз алып көзеші шарығында мойынның жоғарғы бөлігін – жоғары жағында кеңейтілген ернеуін жасайды (биіктігі 11 см, астыңғы диаметрі 13 см, үстіңгі диаметрі 21 см), көзеші шарығынан кесіп алып бөлек қояды. Соңында қалған саздан көзеші шарығында құмыраның денесін жасайды. Шебер тұрып жұмыс жасайды. Сол қолы әрдайым ыдыстың

ішінде, ал оң қолы сыртында. Басында ол тек саусақтарымен пішінге келтіреді, кейін сол қолына қыш сынығын алып ыдыстың қабырғасын ішкі жағынан түзетеді, түзету барысында оң қолымен ыдысты әрдайым сүйемелдеп тұрады. Ыдыстың денесі дайын болғанда ұста мойынның астыңғы бөлігін ыдыс денесіне қойып екі қолымен қосылған жерін бекітеді. Кейін оң қолын сулап ыдыстың сыртын тегістейді. Осындай тәсілмен ол мойынның жоғарғы бөлігін қосады.

Ыдыстың бөліктері біріктірілгесін ұста мойынның жоғарғы жағын таспамен (луир) түзетеді, ал ыдыс дайын болды дегенде, тарақ сынығын алып (ұзындығы 8 см және ендігі 1,25 см), оны ыдыстың иығына, ортаңғы және жоғарғы бөліктерінің біріктірілген жеріне қойып көзеші шарығын айналдырады. Ыдыстың бетінде бірнеше жолақтан тұратын параллельді сызықтар жасалады. Осылайша, жолақтарды кезектестіріп тегіс төрт жолақ және тісті төрт жолақ жасайды; жолақтар арасындағы қашықтық 2 см қалдырылады. Гупидің иығы, ортаңғы бөлігі ыдыстың денесімен және ернеуімен біріктірілген жерлері өрнектеледі. Кейде гупи мен кузаның өрнектелуі ыдысты айналдыра салынған алты ирек жолақтан тұратын параллельді басылған сызықтардан немесе басылған бір ирек сызықтан тұрады. Соңғы жағдайда өрнек жай таяқшамен немесе саусақпен салынады» (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959:356).

Сонымен қатар аталған этнографиялық экспедиция барысында В. Екимова «рисоля» - ортағасырлық қолөнерінің цех жарлығы туралы қысқаша ақпарат келтіреді, жарғылардың толық көшірмесін

жасау мүмкіндігі болмаған: «...Мири-Кулол хумбузчилардың (хумдончи) жебеушісі болды, ал оның жебеушісі Джелаладдин болды, Джелаладдиннің жебеушісі Анахазірет болды, оның қолдаушысы құдай болды. Құдай Жебірейіл періштеге таудан саз алып кел деп бұйырады. Жебірейіл періште оны Әмударияға қайықшылардың пірі Нұхқа алып келіп, амандасып, алып келген саздан қыш ыдыс жасайды және Нұхқа қыш ыдыс жасауды үйретеді. Нұх Анахазіретті шақырып, оған үйретеді. Анахазірет Джелаладдинге үйретеді. Джелаладдин Мири-Кулолға үйретеді. Мири-Кулол Бахуддинге үйретеді, яғни өзінің шәкіртіне» (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959:375). Яғни, жарғы бойынша ұста өз шәкіртің үйретуі қажет.

В. Екимова қыш өндірісіндегі шәкірт институты жайлы ақпарат беріп, ұстадан шәкіртке білім беру процессі діни тұрғыдан көрсетіліп, дәріптеледі. Кәсіптің ескі дәстүрлері шәкірт институтымен, феодалдық сарқыншақпен тығыз байланысты. Ұрпақтан ұрпаққа көптеген ғасырлар бойы білім ауызша берілді. Нәтижесінде, осы күнге дейін майдагерлік кәсіпшіліктің барлық дайындау әдісі «құпияға» толы болды. Сондай-ақ, әйелдердің қыш өндірісіндегі шәкірт институт туралы Е.М. Пещерова жазады. Ол әйел ұсталардың шәкірт тәрбиелеу жүйесін, өндірісте үлкен ұста әйелдің рөлін сипаттайды. Үлкен ұста әйел шәкірт қатарына кімді алатынын өзі шешкен. Сонымен бірге, Пещерова Тәжікстандағы әйел қыш өндірісінің наным-сенімдерін сипаттайды (Пещерова, 1959).

Саздан ыдыс жасау өндірісі наным-сенімдерге толы болды. «...Біз қыш

өндірісіне қатысты ежелгі рәсімдердің кейбір сарқыншақтарын байқадық, атап өтсек – нанға тұмар ретінде қарау. Көзешінің көзе шарығында жұмысын бастамас бұрын, әдетте, оның қасына шелпекпен дастархан қойылады бұны біз үш рет Каттабог қышлағында көрдік. Ортазиялық әдебиетте нанның тұмар ретінде айтылуы жайлы кездестірмедік. Дегенмен де, шелпекпен бидай масағының Хорезмде тұмар ретінде әртүрлі кәсіптерде, бірқатар өндірістік күрделі істерде қолданылуын көрдік» (Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции, 1959: 375-376).

Түркістан өлкесінде ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан өзіндік техникасы мен технологиясын қолданған әртүрлі мектептер/цехтар дамыды. В.В. Бартольдтың, Ш.Уәлихановтың еңбектерінде саздың архитектурадағы орны аталып өтеді. В.В. Бартольд ортағасырлық архитектурасын келесідей баяндайды «...шахристанның қабырғасы исламға дейінгі уақытта салынған болуы керек, оны тұрғызу үшін көп саз қажет болған, нәтижесінде үлкен ор қалыптасқан» (Бартольд, 1963). Қазақ халқының белгілі ғалымы Ш. Уәлиханов қазақтардың этнографиялық мұрасын зерттеу мәселелерін кеңейте отырып саздан соғылған құрылыстар жайлы нақты мәліметтер келтіреді (Этнографическое наследие казахов, 2007).

Қырғыздардың қыш өндірісінің этнографиясын белгілі этнограф К.И. Антипина зерттеді. Антипина саздың құрылыстағы мүмкіндіктерін зерделеген болатын. «Негізгі құрылыс материалы, барлық Орта Азияға тән, сары топырақ (лёсс) болып табылады. Көптеген таумаңында құрамында табиғи түрде кездесетін ұсақ тастармен бірге

қолданылады. Кейде олар көп болады, мысалы, Фрунзе ауданының батыс бөліктерінде көп кездеседі. Қабырғаны тұрғызған кезде үш тәсіл қолданылады: оларды соғылған саздан (пахса), немесе саз кесектерінен (гуваляк), немесе кірпіштен (қыш) жасайды. Бұрынғы кезде кесек деп атайтын (бұзылған саздан соғылған қабырғаның пішінсіз сынықтары) құрылыс материалын қолданған.

Саздан соғылған қабырғалар (пахса) аймақта өте кең таралған. Олар тұрғын үйдің қабырғасы ретінде, аула құрылысында қолданылады, оларды үй-жай территориясын, бау-бақшаларды қоршау үшін тұрғызды. Саздан соғылған қабырғалардың басымдылығы – оларды тұрғызу үшін құрылыс материалдарын алдын ала дайындаудың қажеті жоқ. Құрылыс материалын дайындау үшін сары топырақты (лесс) сумен қою массаға дейін араластырады. Қоспаны аз мөлшерде жасайды, себебі араластырылған саз бірден қолданылуы қажет, әйтпесе ол қатып қалады. Массаны әдетте аяқпен араластырады. Араластыру үшін ұзын сапқа қондырылған арнайы үшбұрыш пішінді темір күректі де қолданады. Сол күрекпен қабырғаны қалыптаушы ұстаға саз-балшық массасын алып береді. Егер күрек болмаса, сазды қолмен әпереді.

Саздан соғылған қабырғаларды қабаттап тұрғызады. Келесі қабат алдыңғы қабат кепкеннен кейін ғана салынады. Бір қабаттың орташа биіктігі шамамен 50 см. Тұрғын үйдің қабырғасын салғанда астыңғы қабаттарының ені 65-75 см-ге жетеді, үстіне қарай 40-45 см дейін тарылады. Бірақ үйдің ішіндегі қабырғаны түзу қылып жасайды.

«Гуваляк» – дөңгелек немесе сәл

созыңқы пішінді саз кесектері. Оны қолмен жабыстырады (әдетте, сабансыз), кейін жақсылап кептіреді. Қабырғаны тұрғызған кезде гувалякты жалпақ жағымен немесе қырынан қиғаштатып салуға болады. Біріктіру үшін қарапайым саз ертінідісі – «лой» (лай) қолданылады. «Гуваляк» тұрғын үй, аула құрылыстарының қабырғаларын тұрғызу үшін пайдаланылады, қоршау үшін сирек тұрғызылады. «Гувалякты» облыстың батысында жиі қолданады» (Антипина, 1962:181-182).

О.Э. Капалбаев қырғыздардың керамикасын зерттей отырып «Қырғызстанның оңтүстік аудандарында қымызды сақтау үшін «мештан» басқа, кейде өзбектер жасаған үлкен қыш құмыраларды (хум) пайдаланған» деп жазады. Автордың айтуынша «керамикалық (фаянс) ыдыс пиалалармен (чыны, чон чыны), шәйнектермен (чайнек), арнайы құмыралармен – «кашкар чайнек» немесе «чайдоспен» көрсетілген» (Капалбаев, 2016: 620). Зерттеушінің пікірінше барлық бұл үй ыдысы сырттан әкелінген және Ферғана мен Қашғардың отырықшы-жер шаруашылығы бар аудандарының тұрғындарында (өзбек, тәжік, ұйғыр) дәстүрлі болып табылады. Керамикалық (фаянс) ыдыс бәріне бірдей қол жетімді болмады. Шашта аталмыш ыдыстар бай ауқатты адамдарда ғана болған.

Орта Азияның Хорезм, Соғды, Ферғана және Шаш сияқты керамикалық орталықтармен салыстырғанда қазақтардың қыш өндірісі әлі күнге дейін аз зерттелген тақырыптың бірі болып табылады. Дегенмен, археологиялық жұмыстар негізінде ежелгі Қазақстан территориясында қыш өндірісінің жақсы дамығандығы анықталды. Мысалы, К.М. Байпаков

пен Л.Б. Ерзакович еңбегінде: «Орта Азиялық көркемдік қыш өндірісінің бірнеше орталықтары, мектептері Мервте, Самарқандта, Кувада, Шашта, Таразда қалыптасқан. Осы уақытта Отырар мектебі туралы да айтуға негіз бар. Ол ерте орта ғасырларда қалыптасқан» (Байпаков, Ерзакович, 1990: 21). Авторлардың айтуы бойынша «Отырарда археологиялық зерттеу кезінде көзешілер қоныстанған үлкен рабад ауданы анықталды. Мың шаршы метр ауданда бір уақытта жұмыс істеген он сегіз қыш күйдіру пештері бар он екі шеберхана ашылған. Шеберханаларда көзешілердің құралдары, жанында ақау бұйымдар тасталатын шұңқырлар табылған. Күйдіруге дайындап қойған жартылай дайын бұйымдар да бар. Шеберханаларда әртүрлі өнімдер сырлы және сырсыз, ірі пішінді және ұсақ асханалық ыдыстар дайындалған» (Байпаков, Ерзакович, 1990: 24).

Сайрам өзінің базарларымен, әсіресе жаздық және күздік жәрмеңкелерімен әйгілі болды, оған көрші және шалғай қышлақтар мен қалалардан өзбек халықтары келетін, ал қазақтар сатуға мал және теріден, киізден, жүннен жасалған бұйымдар әкелетін. Елді-мекен тұрғындарының өмірінде қолөнер үлкен орын алды – қыш өндірісі, киім тігу, аяқ киім жасау, ағаш ою, үйге әртүрлі ағаш бөліктерін дайындау және т.б. (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982: 143).

Қазақ халқының құрылыста сазды қолдануы туралы белгілі қазақ этнографы Ө. Жәнібеков өзінің «Жолайрықта» еңбегінде маңызды деректер келтірген. Этнограф қазақ халқының саз қолданып тұрғызған дәстүрлі тұрғын үйлер мен құрылыстардың даму эволюциясын егжей-тегжейлі суреттейді. «..Жертөлені

қазақ шымнан да, қам кесектен де, тақтатастан да соққан. Ал қақыраны төрт қабырғалы етіп кіре берісімен қоса тайланған шөптен, қамыстан, шабақтан, балшықтан тұрғызған. Ішкі-сырты, төбесі сылақ арқылы тәртіпке келтірілетін және оттық арқылы жылытылғандықтан баспананың бұл түрі кепе мен жертөлеге қарағанда едәуір алға кеткен болатын» - деп баяндайды (Жәнібеков, 1995: 22).

В.Л. Воронинаның айтуы бойынша «Орта Азия жазығындағы сары топырақ (лесс) шөгінділерінің қалың қабаты құрылысшыларды қарапайым және өте икемді материалмен қамтамасыз етті». Шикі лессстан туындаған – қам кірпіштен, пахсадан (қабатталып соғылған саз) және ағаш қаңқасы бар саз кесектері гуваядан жасалған қабырғалар, шыммен төселген бөренелі төбе өте жақсы жылу ұстайды. Өздерінің ерекшеліктері бойынша олар «ауыр» құрылымдарға жатады. Бұл жағдайда құрылымдардың сипаты жекелеген аудандардың климаттық ерекшеліктеріне икемді (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 1982: 48).

Ө. Жәнібековтың мәліметінше Қазан төңкерсінен кейінгі кезеңде ұлттық түрдегі тұрғын-жайлар сақталмады. Бірінші бесжылдық жылдары кең таралған саздан соғылған төбесі қамыспен жабылған құрылыстар кейін сырттан келген қатардағы тұрғын құрылыспен алмастырылған. «...Осыған байланысты бүгінгі күнге дейін сақталған кейбір құрылыстар қызығушылық тудырады, мысалы, Шымкент облысының Созақ ауылындағы қам кірпіштен қаланған тұрғын үйлер» - деп баяндайды (Жәнібеков, 1982: 22).

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Оңтүстік Қазақстан өзбектерінің дәстүрлі тұрғын үйін неғұрлым толық сипаттау үшін үй

құрылысында қолданылған құрылыс материалдарына қысқаша тоқталу қажет. Олардың негізгілері қам кірпіш (кесек) және соғылған саз (пахса) болды. Ең көп тарағаны - жақтарының өлшемдері 30x30x10 және 20x20x5 см болатын үлкен шаршы кірпіш (чизма). Оны жасау өте жеңіл болды: жер жиегімен қоршалып, тегістелген жерге су құйылды, содан кейін 10-15 см тереңдікке қазылды, араластырылды және бір күнге қалдырылды; содан кейін қатайған массаны орақпен қажетті өлшемдегі шаршы блоктарға кеседі. Ірі кірпіш үй-жайлардың айналасында қоршауларды салуға жұмсалды, әртүрлі шаруашылық құрылыстарын салу үшін қолданылды. Бұл аудандардың дәстүрлі тұрғын үйіне тән болған қаңқалық құрылымды толтыру үшін ұсақ пішінді қам кірпіш қолданылды.

Соғылған саз (пахса) XIX ғасырдың соңы - XX ғасырдың басында үй құрылысында сирек қолданылды. Ол қоршау және шаруашылық құрылыстар тұрғызуға пайдаланылған. Зерттелген мекендерде пахсаны дайындау және қолдану Орта Азияның басқа аудандарына да тән (Жилище народов Средней Азии и Казахстана, 157).

### Нәтижелер

Ортаазиялық қыш өндірісіне қатысты ғылыми еңбектерді талдау барысында келесідей нәтижеге қол жеткізілді: XIX ғасырдан бастап Орта Азияны зерттеу барысында саяхатшылар мен әскерилер жіберіліп, олардың жазбалары негізінде жергілікті халықтың тұрмысы мен аймақ туралы түсінік қалыптасты. Басында, бұл саяхатшылардың, әскери топографтардың, Бас штаб офицерлерінің қысқаша хабарлары болды. Атлаған хабарламалар сипаттама

түрінде беріліп, қыш өндірісі қосалқы сипатта атап өтіледі. Бұны Пашино, Липскийдың Түркістан өлкесі бойынша жол жазбаларынан көруге болады. Бұл жұмыстар Орталық Азияда әкімшілік қызметтерді жүргізген патшалық Ресейдің Әскери ведомствосы мен Сыртқы істер министрлігінің тапсырысы негізінде жүргізілгендіктен, құжаттарда әлеуметтік тапсырыс сипаты бар екендігі байқалады және тарихи дереккөз түрінде қызығушылық тудырады.

XX ғасырда этнография мен ұлттық бірегейлікке деген қызығушылықтың артуына байланысты Орта Азияның материалды мәдениеті туралы ақпарат жинау бойынша этнографиялық экспедициялар басталады, жергілікті қолөнерлер зерттеледі. Осыған байланысты В. Розвадовский сазды тауып алу, қоймалжың массаны дайындау, қалыптау және кептіру, сонымен бірге өндірістің әлеуметтік ұйымдастырылуын, өнімді өткізудің экономикалық сипатын және нарықтық шарттардың кәсіптің дамуына әсерін толыққанды сипаттайды. Оның еңбегі XX ғасыр басындағы Орта Азияның қыш өндірісі ісінің жағдайын сипаттайтын құнды ақпарат көзі, сондай-ақ қазіргі заманғы іс-тәжірибесімен салыстырып зерттеу үшін негіз болып табылады.

Кеңестік кезеңде Орта Азияны жүйелі және дәйекті зерттеу мақсатында бірнеше кешенді этнографиялық экспедициялар бағытталады, соның негізінде В.В. Екимованың, Е.М. Пещерованың, К.И. Антипинаның және тағы басқа авторлардың монографиялары мен ғылыми жұмыстары жарияланған. Жиырмасыншы ғасырдың ортасында қыш өндірісі дәстүрлі халық мәдениетінің сарқыншағы ретінде

белсенді түрде зерттелді.

Осылайша, В. Екимова сазды күнделікті өмірде қолдану, оның Орта Азиялық адамның дәстүрлі өмір салтындағы рөлі мен маңызы туралы ақпарат келтіреді. Шәкірттер институты Орта Азиядағы қыш өндірісінде жақсы дамыған, барлық жасалу техникасының қыр-сырлары, білім мен дағдылары ұстадан шәкіртке ауызша жеткізілген. Әдетте, ұста-шәкірт ретінде өзбалаларын тәрбиелеген, себебі қыш өндірісі мираскерлік қолөнер болып саналды. Сырттан шәкірт алған жағдайда, оны өздерінің ұл-қыздарына үйлендірген. В.В. Екимованың «рисоля», яғни ортағасырлық цех жарғылары бойынша, шәкірт тәрбиелеу ұстаның ең маңызды міндеттерінің бірі екендігін хабарлайды. Бұл туралы Е.М. Пещерова да өзінің «Гончарное производство Средней Азии» монографиясында атап өтеді. Әйел қыш өндірісін зерттеген Пещерова таулы аймақтардың қыш өндірісі ісінде өзінің технологиясы, пішіні және т.б. бойынша ерекшеленетін алты ауданды бөліп шығарады. Әйел қыш өндірісі еркек қыш өндірісіне қарағанда «сакралды» сипатқа ие. Негізінен, әйелдер сазбен жұмыс жасауды өмірдің пайда болу процесімен байланыстыруы мүмкін, себебі саз балшықпен жұмыс жасаудың әрбір кезеңіне «тылсым, киелі» мағына берген. Жалпы, әйелдер тек үй шаруасына қажетті ыдыстарды жасаса, ер адамдар сатылымға, тапсырысқа жұмыс жасаған.

Ғылыми зерттеулерге сәйкес, жабыстырмалы керамика өндірісінде саз балшықтың құрамына қоғаның үлпілдегі, жүн немесе малдың қиы тәрізді органикалық қоспалар қосылған. Мұндай қоспалар, әдетте, қолданылған саздың табиғи құрамына және оның қасиеттерін жақсарту қажеттілігіне

байланысты таңдалған.

Зерттелген әдебиеттер негізгі құрылыс материалдарының бірі саз болғандығын растайды. К.И. Антипина мен Ө. Жәнібеков сазды құрылыстарды тұрғызу техникасын егжей-тегжейлі сипаттап, зерттеген. Олардың жұмысында Орта Азиядағы дәстүрлі құрылыс туралы, атап айтқанда сазды пайдалану тұрғысынан құнды мәліметтер ұсынылған. Сазды кеңінен қолдану оның қолжетімділігі мен икемділігіне байланысты. Саздан соғылған тұрғын-жайлар климаттық жағдайларға бейімделудің дәлелі болып табылады, себебі олар жазда салқын, ал қыста жылы болған.

### Қорытынды

Зерттелген ғылыми еңбектер негізінде Орталық Азиядағы қыш өндірісін этнографиялық тұрғыдан зерттеу мәселесі саяхатшылар мен офицерлердің қарапайым бақылауларынан іргелі пәнаралық зерттеулерге дейін эволюциялық тұрғыда дамыды деп қорытынды жасауға болады. Нәтижесінде, отырықшы халықтар арасында (тәжік, өзбек), және ішінара қазақтарда кәсіпшілік дәстүрлерінің, білім мен дағдалырдың әр алуандығы анықталды.

Аймақтың қыш өндірісін этнографиялық тұрғыдан зерттеу мақсатында тарихи дереккөздердің алатын орны ерекше. Іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде жарияланған ғылыми еңбектер негізінде қыш өндірісінде ыдыстарды, тандырларды және т.б. жасау техникасы, ою-өрнек пен оны интерпретациялау, өндірісті ұйымдастыру және т.б. реконструкциясын жасауға болады.

Сонымен қатар қазақ пен қырғыз халықтары көршілеріне қарағанда сазды

құрылыс саласында кеңінен қолданса, өзбек пен тәжік халықтары ыдыс-аяқ жасауда, құрылыс саласында қолданған. Өзбек халқы қыш бұйымдарын экспортқа шығаруына байланысты ою-өрнек салуға баса назар аударып, геометриялық және өсімдік типтес өрнектерімен безендіріп, терең мағына берген.

Орта Азиялық қыш өндірісі тек қана отбасылық кәсіп болып саналған, сол себепті кәсіптің «қыр-сыры» сыртқа шығарылмаған. Орталық Азия

елдеріндегі кәсіптерді зерттеу негізінде «ұстаз-шәкірт» ұстанымы қатаң сақталғанын көруге болады. Демек, Орталық Азия елдерінің қыш өндірісіне қатысты ғылыми әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде отандық және шетелдік тарихнамада іргелі еңбектер легі қалыптасқандығы белгілі болып, бұндай дереккөздер Орталық Азия қыш өндірісінің тұтастай бейнесін жаңғыртуға мүмкіндік тудырады, халықтың әлеуметтік-экономикалық қатынастарын зерттеуге көмектеседі.

*Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің қолдауымен АР19678131 «Оңтүстік Қазақстан және іргелес аймақтардың (Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан) қыш өндірісін зерттеу: дәстүр және қазіргі заман» тақырыбы бойынша гранттық қаржыландыру шеңберінде орындалды.*

### Әдебиеттер

1. Антипина К.И., 1962. Особенности материальной культуры и прикладного искусства южных киргизов. Фрунзе: Издательство Академии наук Киргизской ССР. 288 с.
2. Бартольд В.В., 1963. Сочинения. Том 1. Москва: Издательство восточной литературы. 138 с.
3. Жәнібеков Ө., 1995. Жолайрықта. Алматы: Рауан. 110 с.
4. Жанибеков У., 1982. Культура казахского ремесла. Алма-Ата: Өнер. 144 с.
5. Жилище народов Средней Азии и Казахстана. 1982. Москва: Наука. 240 с.
6. Капалбаев О.Э., 2016. Традиционная посуда и домашняя утварь кыргызского народа // «Молодой учёный». № 12 (116). С.617-620.
7. Липский В.И., 1902. Результаты трехлетних путешествий в Среднюю Азию. Санкт-Петербург. 735 с.
8. Ортағасырдағы Отырар керамикасы. 1990. Алматы: Өнер. 212 б.
9. Пашино П.И., 1868. Туркестанский край в 1866 году. Путевые заметки. Санкт-Петербург. 179 с.
10. Розвадовский В., 1915. Кустарные промыслы в Туркестанском крае. Ташкент: Типография при Канц.Турк. Ген.-Губ. 58 с.
11. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. IV. 1959. Москва: Издательство Академии наук СССР. С. 343-378.
12. Этнографическое наследие казахов. 2007. Астана: Алтын-кітап. Т.1. 291 с.

### References

1. Antipina K.I., 1962. Osobennosti materialnoj kultury i prikladnogo iskusstva yuzhnyh kirgizov [Peculiarities of material culture and applied art of the southern Kyrgyz people]. Frunze: Izdatelstvo Akademii nauk Kirgizskoj SSR. 288 p. [in Russian].
2. Bartold V.V., 1963. Sochineniya [Essays]. Vol. 1. Moskva: Izdatelstvo vostochnoj literatury.

138 p. [in Russian].

3. Zhanibekov O., 1995. Zholajryqta [Crossroads]. Almaty: «Rauan». 110 p. [in Kazakh].

4. Zhanibekov U., 1982. Kultura kazahskogo remesla [Kazakh handicraft culture]. Alma-Ata: «Oner». 144 p. [in Russian].

5. Zhilishhe narodov Srednej Azii i Kazakhstana [Dwellings of the peoples of Central Asia and Kazakhstan]. 1982. Moskva: Nauka. 240 p. [in Russian].

6. Kapalbaev O.E., 2016. Tradicionnaya posuda i domashnyaya utvar kyrgyzskogo naroda [Traditional dishes and household utensils of the Kyrgyz people] // «Molodoj uchenyj». № 12 (116). Pp.617-620. [in Russian].

7. Lipskij V.I., 1902. Rezultaty trehletnih puteshestvij v Srednyuyu Aziyu [Results of three years of travel to Central Asia]. Sankt-Peterburg. 735 p. [in Russian].

8. Ortagasyrdagy Otyrar keramikasy [Medieval ceramics of Otrar]. 1990. Almaty: Oner. 212 p. [in Kazakh].

9. Pashino P.I., 1868. Turkestanskij kraj v 1866 godu. Putevye zametki [Turkestan region in 1866. Travel notes]. Sankt-Peterburg. 179 p. [in Russian].

10. Rozvadovskij V., 1915. Kustarnye promysli v Turkestanskom krae [Handicrafts in Turkestan Krai]. Tashkent: Tipografiya pri Kancelyarii Turkestanskogo General-Gubernatorstva. 58 p. [in Russian].

11. Trudy Khorezmskoj arheologo-etnograficheskoj ekspedicii [Proceedings of the Khorezm Archaeological and Ethnographic Expedition] IV. 1959. Moskva: Izdatelstvo Akademii nauk SSSR. Pp. 343-378. [in Russian].

12. Etnograficheskoe nasledie kazahov [Ethnographic heritage of Kazakhs]. 2007. Astana: Altyn-kitap. Vol.1. 291 p. [in Russian].

**\*Абилева Н.М., Аққошқарова Ж.Т.**

Институт археологии им. А.Х. Маргулана

Алматы, Казахстан

\*e-mail: nmalibayeva@gmail.com

## ЭТНОГРАФИЯ ГОНЧАРСТВА СТРАН СРЕДНЕЙ АЗИИ

**Аннотация.** В статье проанализированы исследования, посвящённые гончарному производству в странах Центральной Азии. Цель – изучение историографии гончарного производства на территории Южного Казахстана, Узбекистана, Таджикистана и Кыргызстана. В ходе научно-исследовательской работы использовались проблемно-хронологический, историко-системный и междисциплинарный методы. В качестве источниковой базы рассматриваются дорожные записи военных топографов и офицеров Генерального штаба, научные труды этнографов В.В. Екимовой, К.И. Антипиной, У. Жанибекова и др.

В. Розвадовский исследовал гончарное производство в семи населённых пунктах: Бухара, Карши, Самарканд, Худжанд, Ура-Тюбе, Риштан, Ташкент. Следует отметить работы этнографа В.В. Екимовой — специалиста по культуре народов Средней Азии. Её исследовательская деятельность и участие в экспедициях были направлены на изучение

материальной культуры узбеков. В составе Хорезмской экспедиции она собрала данные о гончарном производстве, описала технологию изготовления крупных сосудов и представила краткую информацию по «рисоля».

К.И. Антипина провела исследования по использованию глины в строительстве у кыргызов, а также всесторонне изучила кыргызскую культуру. Её научные труды охватывают историю и традиции многих видов декоративно-прикладного искусства, таких как ковроткачество, ткачество орнаментов и другие. В труде У. Жанибекова содержится краткая информация об использовании глины в строительстве у казахского народа.

Анализ литературы позволил доказать, что исследования гончарного производства в Центральной Азии начались в XIX веке и впоследствии продолжились систематическими этнографическими и археологическими изысканиями.

**Ключевые слова:** глина, гончарное ремесло, Средняя Азия, история, этнография, материальная культура.

*Для цитирования: Абилева Н.М., Аккошкарлова Ж.Т. Этнография гончарства стран Средней Азии // Мәдени мұра. 2025. №2 (109). С. 68-83 (каз.)*

*DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.04>*

**\*Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T.**

Institute of Archeology named after A.Kh. Margulan

Almaty, Kazakhstan

\* e-mail: nmalibayeva@gmail.com

## ETHNOGRAPHY OF POTTERY OF CENTRAL ASIAN COUNTRIES

**Absrtact.** The article analyzes works on pottery production in the countries of Central Asia. Its aim is to study the historiography of pottery production in Southern Kazakhstan, Uzbekistan, Tajikistan, and Kyrgyzstan. The problem-chronological, historical-systemic, and interdisciplinary methods were used. As sources, travel notes of military topographers and General Staff officers, scientific works of ethnographers V.V. Yekimova, K.I. Antipina, U. Zhanibekov, were employed.

V. Rozvadovsky conducted research on pottery production in seven settlements: Bukhara, Karshi, Samarkand, Khujand, Ura-Tyube, Rishtan, and Tashkent. Ethnographer V.V. Yekimova, specialist in the culture of the Central Asian peoples, focused on studying the material culture of the Uzbeks. During the Khorezm expedition, she collected data on Uzbek pottery production, described techniques for making large ceramic vessels, and provided information about the risola.

K.I. Antipina studied using of clay in Kyrgyz construction practices

and conducted research on Kyrgyz culture. She explored the history and traditions of decorative and applied arts, including carpet weaving and ornamental textile production. The work of U. Zhanibekov contains concise information on the use of clay in Kazakh architecture.

The analysis shows that the study of pottery production in Central Asia began in the 19th century and later developed into systematic ethnographic and archaeological research.

**Keywords:** clay, pottery, Central Asia, history, ethnography, material culture.

*For citation: Abileva N.M., Akkoshkarova Zh.T. Ethnography of pottery of Central Asian countries // Madeni mura. 2025. №2. С. 68-83 (in Kaz)*

DOI: <https://doi.org/10.47500/2025.v22.i2.04>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**1. Абилева Назым Мусаипқызы**, аймақтану магистры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғаға ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

ORCID: 0009-0002-2536-9675

**2. Аққошқарова Жанна Төлепбергенқызы**, гуманитарлық ғылымдар магистры, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

ORCID: 0000-0002-8113-6705

**Сведения об авторах:**

**1. Абилева Назым Мусаиповна**, магистр регионоведения, докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, старший научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Марғұлана, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0009-0002-2536-9675

**2. Аккошкарлова Жанна Төлепбергеновна**, магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Марғұлана, Алматы, Казахстан.

ORCID: 0000-0002-8113-6705

**Information about the authors:**

**1. Abileva Nazym Musaipovna**, Master of area studies, Doctoral student at L.N. Gumilyov Eurasian National university, Senior Researcher of Margulan Institute of Archeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0009-0002-2536-9675

**2. Akkoshkarova Zhanna Tolepbergenovna**, Master of Arts in the Humanities, Researcher of Margulan Institute of Archeology, Almaty, Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-8113-6705